



ҚАЗАҚ

университеті

№ 03 (1318) 25-наурыз, 2003 жыл



Газет 1948
жылдың 20
сәуірінен шыға
бастады

Конференция

ҚҰНДЫ ЕҢБЕККЕ ТЕРЕҢ ТАЛҚЫ

Үстіміздегі жылдың 25-ақпанында өткен Ғылыми Кеңесте университет ректоры Т.Ә.Қожамқұловтың ұсынысымен «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» кітабы барлық факультеттерде талқыланып, қорытынды ретінде университет бойынша жалпы конференция ұйымдастырылсын» деген қаулысы шыққан болатын. Осыған орай, университеттің барлық факультеттерінде пікір алмасулар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, мәнді де мағыналы басқосулар бірінен соң бірі жалғасын тауып жатты.

Ал 18-наурызда ректорат ғимаратының үлкен мәжіліс залында кітаптың мазмұнын тереңнен ашқан ғылыми-практикалық конференция болып өтті.

Кіріспе сөзін сөйлеп, кітаптың құндылығын алға тартқан университетіміздің ректоры Т.Ә.Қожамқұлов пен Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Қ.Бижанов осы конференцияға тең төрағалық етті. Ал конференция барысында негізгі баяндаманы жасаған экономика ғылымдарының докторы профессор, академик Жақия Әубәкіров

«Сындарлы он жыл» кітабы бойынша «Қазіргі экономикалық актуальді проблемалары» тақырыбында маңызды ойлар айтып, экономикалық тұрғыдан баяндама жасады. Сондай-ақ, Елбасының «Сындарлы он жыл» кітабындағы ұлттық оркениет және мәдени бағдар туралы мәселелер бойынша философия және саясаттану факультетінің деканы Ғ.Есім, ұлт тілін оркентудің өзекті мәселелері жөнінде филология ғылымдарының докторы, профессор Т.С.Сайрамбаев, Каспий аймағының инвестициялық саясатының құқықтық негіздері бойынша з.ғ.д., профессор Н.Б.Мухитдинов,

«Сындарлы он жыл кітабы» және ислам дүниесі» тақырыбын ашқан филол.ғыл.докторы, профессор Ө.Күмісбаев және «Сындарлы он жыл» және ондағы жастар мәселесі бойынша сөз алған Студенттер кеңесінің төрайымы, журналистика факультетінің 4-курс студенті Б.Әділжанова, т.б. баяндамашылар тыңдармандардың көкейлеріне қонымды, салиқалы, салмақты баяндамалар жасады.

Осылайша Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың жақында жарық көреген «Сындарлы он жыл» кітабы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кеңінен талқыланып, оның құндылығын айқындай түсті.

Университет басшысы осы кітапты студенттер аудиториясына таныстыруды көздеген кезде, оқу орнының ұстанып отырған «маманмен бірге адам тәрбиелеу» мәселесін де негізге алып, «Сындарлы он жыл» кітабының мазмұнын жастарға осы бағытпен ұштастыра түсіндіруді мақсат етіп қойған еді. Сондықтан редакция ұжымы газет бетінде ұстаз бен шәкірт тарапынан білдірілген пікірлерді көрсету үшін университет ректоры мен студенттің баяндамасын қатар жариялап отыр.

Мерекелік лебіз

АҚ МАРҚА ЖЫЛ АҚҚА ТОЛСЫН!

Қадірлі ұстаздар мен студенттер қауымы! Жыл басы өз-Наурыз құтты босын! Баршаңызға құт-береке, ырыс-несібе, ынтымақ-бірлік тілейміз! Артта қалған арғымақ жылындағы іске аспай қалған мақсаттар осы жылы нәтижелі болып орындалсын.

Жаңа жыл — ұлы атау, ұлы сөз. Бұл баршамаызға жақын, нұрлы да, сырлы да береке. Хақ-тағаланың мейірім мен ізгіліктің шуағын тогетін ерекше жыл мезгілі. Көктем келгенде жер-ана оянып, сұлулық пен әсемдіктің символы болмай ма? Сіздер де де қызғалдақтай құлпырып, жарқын болашаққа дархан ой мен сенімділікті ту етіп ұстаңыздар. Алдағы уақытта да алған беттеріңізден қайтпай, білімге, ғылымға қызығушылық құлшыныстарыңызды арттыра жүріңіздер. Алла қаласа, алда талай асулар мен талай белестер қол бұлғап тұр. Сіздердің сол сындардан сүрінбей отіп, үлкен-үлкен жетістіктерге жетулеріңізге шын жүректен тілектеспіз! Биіктің де биігінен көрініп, бой жетпейтін шыңдарға бойларыңызды жеткізіп, қыран жетпейтін дүниеелерге қиялдарыңызды жеткізіп, жақсылыққа кенеле беріңіздер! Ұлылық пен жомарттық иесі баршаңызға тек қуаныш пен баянды бақыт жазсын! Шатшадыман нұрға болене беріңіздер.

Жаңа жыл жаңа табыс әкелсін!

Редакция ұжымы

Әлемдік саясат және біз

ЕЛБАСЫ КІТАБЫНДА ЕРТЕҢГЕ ДЕГЕН БАҒДАР БАР

Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың "Сындарлы он жыл" деген кітабы жайында мерзімді баспасөз беттерінде көп мақалалар жарияланып, электронды ақпарат құралдарында түрлі пікірлер айтылып жатыр. Бірнеше жоғары оқу орындарында осыған қатысты шаралар ұйымдастырылды. Олар кітап тәңірегіндегі пікір алмасуды біз бірінші болып көтеріп отырмыз дегенді айтып қалады. Бірақ, бұл жерде мәселе кім бірінші, кім екінші болып тұрғанында емес шығар. Менің ойымша, ауқымды тақырыптың тереңіне жетіп, санамызға сіңіріп, жүрегімізге қондырып, кітапты толық, шынайы талқылап, болашаққа бағдарлама жасауымыз керек деп білемін.

Биыл егенмендік алғанымызға он жылдан астам уақыт өтті. "Сындарлы он жыл" кітабында осы аралықтағы еліміз өміріндегі өзгерістер, қиындықтар мен жетістіктер жөнінде соншалықты шынайы баяндалған. Онда тек қана біздің мемлекеттегі емес, жалпы адамзат қалыптастырып отырған ғаламдық өзгерістер жайында сөз болады.

Аталмыш құнды еңбек бес тараудан тұрады.

Кітаптың бірінші бөлімі - "Үрей империясы және террордың төлкегі" деп аталады. Екінші бөлім - "Дінде экстремизм жоқ", үшінші бөлім - "Белгісіз бедерлі белдем", төртінші бөлім - "Мыңжылдықтар тоғысындағы Каспий", бесінші бөлім

- "Қауіпсіздік жолдары". Қарап отырсаңыздар, бөлім атауларының өзі соншалықты салмақты, соншалықты мазмұнды. Ол биік талғаммен, аса ыждаһаттылықпен қабылдуды сұрап тұрады.

Бұл сарабал еңбекте, ғылым тілімен айтқанда, көтерілген мәселелердің барлығын архиактуальды деуімізге толық негіз бар. Қазір біз үшін осынау толғақты дүниелерден артық, маңызды ештеңе жоқ. Еңбекте қоғамымыздың күрделі мәселелері теориялық тұрғыдан өте терең талданған. Бір анығы, бұл құнды шығарма өзін Қазақстан азаматымын деп есептейтін әрбір жанның үстелінде жататын еңбек болуы тиіс. Оның талқылануына Ғылыми Кеңестің арнайы Қаулысымен бүкіл



Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың ректоры

университет ұжымы мен студенттері қатыстырылғаны да сондықтан. Өздеріңізге аян, білім ордамыз өте үлкен, сол себепті бір-екі сағат жиналып, конференция өткізіп талқылай салу біз үшін қолайлы емес еді.

Басы. Соны 3-бетте.

БҮГІНГІ

САНДА:

ТАЛАПКЕР ТАҢДАУЫНА ТАРТУ



2-бет




Ат басын бұрған түлек

4-бет



ЭЛЕКТРОННЫЕ СИСТЕМЫ В ОБРАЗОВАНИИ

5-стр.



Сынсып қана жасын төкті тұл ұстаған саусағым

7-бет



“Ана тілі аруы” байқауы

БАС ЖҮЛДЕ БІЗДІҢ ҚЫЗЫМЫЗДА

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ә.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында 2003 жылдың 20 наурызы күні Алматы қаласы әкімшілігінің қолдауымен, “Ана тілі” газеті ұжымының ұйымдастыруымен “Ана тілі аруы” байқауы өтті. Кештің қорытынды бөлімін “Ана тілі” газетінің редакторы, жазушы М.Құлқенов ашты. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің проректоры Н.О.Омашев ҚР Білім және ғылым министрі Ш.К.Беркімбаеваның “Ана тілінің аруларына” жолдаған құттықтау хатымен таныстырды.



“Оқырман козайымы” номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Кеш мерекелік концертпен жалғасты. Сайыс соңы халқымызға танымал ҚР халық әртісі Н.Нүсіпжанов, Қазақстан жастар сыйлығының лауреаты М.Түсіпбаева, А.Керімбекова, Д.Танатаров, Қ.Айдарбеков секілді әртістердің концертпен жалғасын тапты.

Б. ЖАҚСЫЛЫҚОВА

Сайысқа қатысқан арулардың ішінен ең сұлуын, ең ақылдысын, ең сымбаттысын таңдау құрамында белгілі жазушы, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты Д.Исабеков, ҚР халық әртісі К.Кенжетай, журналист С.Шүкірұлы бар қазылар алқасына оңайға түскен жоқ. Байқауға қатысқан аруларға қойылған негізгі талаптар — қазақ тілін, салт-дәстүрлерін жетік білу еді. “Ана тілі аруы” байқауының бас жүлдесін ҚазҰУ-дың халықаралық

қатынастар факультетінің 3-курс студенті С.Шандыбаева иеленсе, І орынды Г.Қожабергеннова, ІІ орынды Г.Атшынова, ІІІ орынды Ө.Құрманалиева жеңіп алды. Г.Мақанова, Ә.Қашағанова, М.Нұрбекова, М.Мамықовалар ынталандыру сыйлығына ие болды. Сонымен қатар, М.Рахатжан “Инабатты ару”, З.Иманханова “Ұялақ ару”, Ә.Айнакүл “Қадірлі ару”, А.Шарықбаева “Сүйкімді ару”, Ә.Сүлейменова “Өнерлі ару”, Г.Зенгірова “Ибалы ару”, Ә.Балжанова, М.Нұрбекова

Мерейтой

АБЫРОЙЛЫ БЕЛЕС

Рысалды Төтенқызы Нақыпова 1961 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың химия факультетінде өз еңбек жолын бастады. 1975 жылы университет баспаханасына корректорлық қызметке ауысты. Міне, аттай 38 жыл бойы “Қазақ университеті” баспасында еңбек сіңіріп келеді. Осы жылдар ішінде еңбек сүйіспеншілігімен, адалдығымен, мейірімділігімен сыйлы болған ардақты ана, сүйікті

әже бүгінде 60 жасқа толып отыр. Қымбатты Рысалды Төтенқызы! Біз сізді үлкенге ізетті, кішіге мейірімді, әрі өз ісінің маманы ретінде білеміз. Сіздің өмірлік іс-тәжірибеніз қазіргі жастарға өнеге болмақ. Сізді бүгінгі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңізге саулық, отбасыңызға бақыт тілейміз!
“Қазақ университеті”
баспасының ұжымы



Ойнамайтын қуыршақпен,
Кайбір жұмбақ қыз мұраты.
Сені айырмас сулу сәтпен,
Жаттағаның кімнің аты?..

Қос жүректе жара қалмас,
Ортақ болса уыс мәңгі.
Білесің бе, маған алғаш,
Сен үйреттің гүл ұстауды!

Б.ТӨРЕБЕКҰЛЫ

Елена АНДРЕЙЧЕНКО, филология факультетінің 4-курс студенті

Фотосет
Фотосет
Фотосет

Фотосет
Фотосет

Факультетте

Арманшыл жасқа бағдар

28-ақпан күні журналистика факультетінің ұстаздары мен студенттері N1 Алматы облыстық мектеп-интернатының және N2 республикалық дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын мектеп-интернатының оқушыларымен кездесу өткізді. Факультетте жыл сайынғы дәстүрге айналған бұл шараның мақсаты - мектеп бітіріп, үлкен жолға қадам басқалы отырған жас талаптарға мамандық таңдау барысында бағыт сілтеу, журналистика факультетінің оқыту жүйесімен және журналист мамандығының қыр-сырын таныстыру. Факультет деканы Б.Жақыптан бастап кафедра меңгерушілері Т.Бекниязов, А.Бейсенқұлов, Қ.Сақ және басқа да ұстаздар кезек-кезек сөз алып, оқушылардың қойған сұрақтарына жауап берді. Әдемі әсер қалдырған кездесу оқушылардың өнер мен білімнің қайнаған қазанындай журналистика факультетіне деген қызығушылығын тудырғаны сөзсіз еді.

Өз тілшімізден

Жеңіс тұғыры

СҮЙІНІШ ХАБАР

Наурыз айының 15-13 күндері Қызылорда қаласында самбо күресінен жастар арасында Республикалық біріншілік болып өтті. Осы біріншілікке Алматы қалалық құрама командасының атынан қатысқан ҚазҰУ-дың Халықаралық қатынастар факультетінің 2-курс студенті Чакенов Асхат Мейрамбекұлы өз салмағы бойынша жеңімпаз атанып, бірінші орынды иемденіп қайтты. Университетті тағы бір қуанышқа бөлеген Асхатты осынау үлкен жеңісімен университет ұжымының атынан құттықтаймыз! Асхаттың жеңіске жетуіне оның бапкерлері — Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген бапкері Қойшыбаев Керіл мен дене тәрбиесі кафедрасының доценті, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген бапкері Якуба Виктор Ивановичтердің қосқан үлесі ерекше.

Сондықтан спорт саласындағы осындай ардақты ұстаздарымыздың да өз шәкірттерін жеңіс тұғырынан көре берулеріне тілектеспіз! Бұл жеңіске дейін де Асхаттың 2001 жылы Атырау қаласында, 2002 жылы Семей қаласында, 2002 жылы Астана қаласында өткен республикалық біріншіліктерде жеңімпаз атанып, осымен төртінші жыл қатарынан бірінші орынды иемденіп отырғанын мақтанышпен айтуға болады. Сондай-ақ, жас жеңімпаз 2000 жылы Испанияда өткен әлемдік біріншілікте 3-орын, 2002 жылы Югославияда өткен әлемдік біріншілікте 2-орын иемденіп, тек республикалық деңгейде емес, әлемдік деңгейде де жеңіс тұғырынан көріне білді. Асхатқа жеңіс биіктерін бағындыра бер демекпіз!

Өз тілшімізден

Пресс-служба

ИНФОРМАЦИОННОЕ ПИСЬМО

Пресс-служба КазНУ, реализуя информационную стратегию университета, координирует деятельность всех подразделений университета по связям со средствами массовой информации, осуществляет контакты с прессой и оказывает информационную поддержку мероприятиям, проводимым в рамках научно-образовательной и культурной деятельности университета.

Для эффективного информационного взаимодействия с прессой и привлечения СМИ руководителям факультетов и подразделений университета необходимо:

- провести строгий отбор мероприятий, предлагаемых для освещения в СМИ, с учетом их общественно-социальной значимости, важности для создания положительного имиджа университета, а также уровня организации и проведения мероприятия;
- ежемесячно представлять в пресс-службу перечень плановых мероприятий, требующих информационного обеспечения в СМИ;
- согласовывать приглашения СМИ с проректором по языкам и воспитательной работе Омашевым Н.О. (составить заявку);
- своевременно информировать пресс-службу о предстоящем мероприятии (не позднее, чем за неделю);
- предоставлять полную и подробную информацию о проведении мероприятия для подготовки анонсов, пресс-релизов и информационных пакетов для СМИ (не позднее, чем за неделю);
- подготовить список участников, рекомендуемых для выступления в СМИ.

Ұлағат

Ғибратты кеш

Ақпанның 26-сы күні І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Б.Майлиннің дүниеден өткен күніне орай филология факультетінде “Үш бәйтерек” атты қаламгерлер рухына тағзым ету мақсатындағы әдеби кеш болып өтті. Факультет деканы профессор Кансейіт Әбдезұлы сөзінен соң, 3-курс студенттері Ғ.Хавсеметулы - С.Сейфуллиннің, Б.Диханбаев - І.Жансүгіровтің, С.Садықов - Б.Майлиннің бейнелерін сомдауы көрермендер қоңыртінде ерекше әсер қалдырды. Кештің қонақтары Алматы қаласындағы “Сөкен” қорының вице-президенті, ғалым Қарпық Құсайынов мырза мен танымал әдебиеттанушы, сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Көкішұлы “Үш бәйтерек” еңбектерінің зерттелуі жайлы сөз сөйлеп, студенттердің сұрақтарына жауап берді.

Әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы кафедрасының аға оқытушысы Ләйлә Мұсалы мен 3-курс студенттерінің ұйымдастыруымен болған әдеби кештің жиналған қауым үшін ғибраты мол болғанына сенімдіміз.

Жанар ӘМІРЖАНОВА

ҚУРЫЛТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. КОЖАМҚҰЛОВ - ректор;
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
Е.Ж. ӘБІЛКАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;
М.Т. МҰҚАШЕВА - “Парасат” кәсіподағының төрайымы;
Л. ҚАЙЫПОВА - студенттердің “Сынқар” кәсіподағының төрайымы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;
Бас редактордың орынбасары - Найла Салықова;
Жауапты хатшы - Дариға Амангельдиева;
Теруші - Айтгүл Бабасова;
Көркемдеуші-беттеуші - Айдын Әдібекұлы;
Фототілші - МАМЫРЖАН.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-кабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.
Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Полиграфсервис” баспаханасында (Жандосов көшесі - 55) 25.03.2003 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы - 3000 дана. Колемі 2 б.т. Индексі 65989. № тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның қозғарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

“Қазақ университетіне” жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.